

Білім алушылардың тамақтану объектісі:

Мектепте асханада отыратын орындар саны -124,буфетте отыратын орындар саны-24. Асхана екінші қабатта орналасқан, көлемі- 63,50 шаршы метр. Тамақ пісіру, сақтау, дайындау құралдары бар.Бәрі де жұмыс жасайды.

Білім беру ұйымының орналасқан нақты мекен -жайы	Тамақтану объектісінің атауы (асхана,буфет,кафе)	Тамақтану объектісінің санитарлық қағидалар мен нормаларға сәйкестігі туралы санитарлық – эпидемиологиялық қорытындының болуы (күні мен нөмірі)	Ескертпе (тамақтану объектісі жалға берілген жағдайда жалға алушылар туралы мәліметтерді көрсету)
Атырау облысы,Жылыой ауданы, Құлсары қаласы көшесі Махамбет даңғылы 102	Асхана	16.01.2018 жфл №Е.02.Н.KZ 94VBS00098061	ИП «Жаңагүл»

Ыстық тамақпен қамтылған оқушылар:**2021-2022 оқу жылы**

р/с	Сынып	Оқушы саны	Ыстық тамақпен қамтылғаны	Ескерту
1	1-4 сынып	761	759	2 оқушы үйден оқиды
2	5-11 сынып	40	40	
	Барлығы	801	799	

2022-2023 оқу жылы

р/с	Сынып	Оқушы саны	Ыстық тамақпен қамтылғаны	Ескерту
1	1-4 сынып	785	790	4 оқушы үйден оқиды
2	5-11 сынып	17	17	
	Барлығы	802	807	

2023-2024 оқу жылы

р/с	Сынып	Оқушы саны	Ыстық тамақпен қамтылғаны	Ескерту
1	1-4 сынып	509	507	2 оқушы үйден оқиды
2	5-11 сынып	623	167	
	Барлығы	1132	674	

Әлеуметтік педагогтың жұмысы. Әлеуметтік педагог туралы мәлімет 2021-2022 оқу жылы

№	Аты-жөні, тегі	Шт.бірлік	Білімі	Жұмыс өтілі	Санаты	Біліктілік курстан өтуі
1	Койшыгулова Жаныл Берденовна	1 шт	Жоғары	1 жыл	II	-

Әлеуметтік педагогтың оқу жылына арналған жұмыс жоспары жоспарға сай орындалып отыр. Мектептің әлеуметтік паспортын «Ұлттық білім беру деректер қоры» ақпараттық жүйесінде жүргізіліп отыр.

2021-2022 оқу жылы бойынша:

№ 9 жалпы орта білім беретін мектеп бойынша оқушылардың ыстық тамақпен қамтылуына байланысты ыстық тамақты ұйымдастыруды қадағалайтын комиссия ыстық тамақты ұйымдастыруды қадағалайтын комиссия 31.08.2021 жыл № 73 бұйрығына сәйкес құрылды.

2021-2022 оқу жылы тамыз айында мектебіміздегі әлеуметтік осал топтан шыққан оқушылардың құжаттары қабылданып, жинақталды. 2021-2022 оқу жылы жеке құжаттары бойынша 27 бала мектептегі әлеуметтік осал топтан шыққан оқушылардың санатына жатқызылды. Әлеуметтік жағдайына сәйкес асханадағы ыстық тамақпен қамтылып отырған 1-4 сынып бойынша 761 және 5-11 сынып бойынша 40 оқушы. Жыл бойы әлеуметтік осал топтан шыққан оқушыларға мектеп асханасынан тегін ыстық тамақ беріліп, түрлі көмектер көрсетілді. Жыл басында «Мектепке жол» акциясы аясында жеке кәсіпкерлер тарапынан әлеуметтік осал топ санатына жататын 27 (жиырма жеті) оқушыға оқу құралдарымен, мектеп формасымен, спорттық киімдермен және қаржылай көмек көрсетілді.

ТОО «Auto Villa» мекемесі қыз балдарға арналған былғары іші жылы етік - 41 дана қыз балаға, куртка - 41 дана қыз балаға, ұл балдарға қысқы етік -37 дана, куртка -37 дана ұл балдарға ұйымдастырылды.

Сонымен қатар мектебіміздегі атаулы әлеуметтік көмек алатын 3 (үш) отбасынан шыққан 7 оқушыға білім бөлімінің қаржыны салып берген жоспарына орай тамыз, қыркүйек айларында кепілдендірілген топтамалармен атап айтқанда оқу құралдарымен, мектеп формаларымен, спорттық киімдермен көмек көрсетілді. Қыркүйек айында әлеуметтік осал топ санатына жататын атаулы әлеуметтік көмек алушы ата – ана Айдабаева Жадыраның 3 баласына әр баласына 30 000 (отыз мың) теңгеден бөлініп, 90000 теңге қаржы есепшотына аударылды. Күздік киім- кешектер алуға көмек көрсетілді. Жаңа жыл қарсаңында әлеуметтік осал топтан шыққан жартылай жетім 2 (екі) оқушыға облыс әкімінің тарапынан жаңа жылдық тәттілер салынған дорба мен бағалы сыйлықтар табысталды. Сонымен қатар мектебіміздегі ерекше білімді қажет ететін 41 (қырық бір) оқушыға облыс тарапынан жаңа жылдық тәттілер үйлестірілді.

«Қазақстан геологі» емдеу пансионтының хатына, Атырау облысы білім беру басқармасының «Жылыой ауданы білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі 14.07.2022 ж № 332

2021 жылдың 28 шілде - 16 тамыз күндері (демалыс ұзақтығы -15 күн) төмендегі тізім бойынша 5 оқушыны лагерьге жіберілді. (3 - кезең)

1. Сандуова Асия
2. Сейтимова Сая
3. Мұғаш Ерсін
4. Қуаныш Абу Диар
5. Түгелбай Аяулым

2021-2022 жылдың тамыз айларында Железноводск қаласы, Иноземцево поселкесінде орналасқан «Қазақстан геологі» емдеу пансионатының лагеріне 8 оқушы қамтылды. (4 - кезең)

1. Жүніс Тұрсынбек
2. Марат Парасат
3. Нысанғали Айтжан
4. Ізтұрған Ләйлә
5. Мәлік Ақнұр
6. Галиев Эмиль
7. Саматұлы Ернар
8. Адинова Арайлым

Әлеуметтік педагогтың жұмысы. Әлеуметтік педагог туралы мәлімет 2022-2023 оқу жылы

№	Аты-жөні, тегі	Шт.бірлік	Білімі	Жұмыс өтілі	Санаты	Біліктілік курстан өтуі
1	Запенова Нурайна Қайратқызы	1 ст	Жоғары	1 жыл	-	-

2022-2023 оқу жылы бойынша:

2022-2023 оқу жылы тамыз айында мектебіміздегі әлеуметтік осал топтан шыққан оқушылардың құжаттары қабылданып, жинақталды. 2022-2023 оқу жылы жеке құжаттары бойынша 3 бала мектептегі әлеуметтік осал топтан шыққан оқушылардың санатына жатқызылды. 1-4 сынып бойынша 785 және 5-8 сынып бойынша 17 оқушы. Сонымен қатар Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысына байланысты құжаттары бойынша 44 әлеуметтік осал топ санатына жататын, 3 атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасы балаларына жалпыға міндетті білім қорынан әр балаға 42000 тг қаржылай көмек көрсетілді. Жыл бойы әлеуметтік осал топтан шыққан 1-11 сыныптар бойынша 40 оқушы мен 1-4 сыныптар бойынша 12, барлығы 52 оқушы мектеп асханасы жанынан тегін ыстық тамақпен қамтылды. Жыл басында ұйымдастырылған «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылып, акцияның мақсаты ата-аналарға, мұғалімдерге, жеке кәсіпкерлерге таныстырылды. Мектептегі әлеуметтік осал топтан шыққан 1-11 сынып бойынша бойынша 52 оқушының толықтай тізімі алынып, құжаттары жинақталды. Жазғы каникул кезінде Атырау облысы әкімінің 2023 жылғы 23 мамырдағы №144-ө «2023 жылға арналған каникул кезеңінде балаларды сауықтыру демалысын, олардың бос уақытын және жұмыспен айналысуын ұйымдастыру туралы» Әкімін іске асыру мақсатында мектеп жанындағы тамақтандыратын лагермен 60 оқушы, қала сыртындағы демалыс лагерлерімен 5 оқушы, қала сыртындағы шипажай үлгісіндегі лагерьге - 8 оқушы қамтылды. Осыған орай Көкшетау қаласындағы «Балдаурен» Республикалық демалу -сауықтыру орталығына 8 «Б» сынып оқушысы Шауқым Қарақат лагерьге қамтылды.

2023-2024 оқу жылы бойынша:

2023-2024 оқу жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысына сәйкес тамыз айында мектебіміздегі әлеуметтік осал топтан шыққан оқушылардың құжаттары қабылданып, жинақталды. Әлеуметтік жағдайын анықтайтын құжаттары бойынша 330 бала мектептегі әлеуметтік осал топтан шыққан оқушылардың санатына жатқызылды. Жекелеген санаттары бойынша толық жетім мектеп бойынша жоқ. Жартылай жетім -28, көп балалы - 166, Жалғызбасты ана-31, Бір ата-ана тәрбиесінде-64, Аз қамтылған-27 оқушы. Тізімге алынған 330 оқушыға жалпыға міндетті білім қорынан әр балаға 40 567 теңгеден қаржылай көмек көрсетілді. 2023 жылы қыркүйек айынан бастап 1-4 сынып бойынша 149 оқушы және 5-11 сынып бойынша 167 оқушы барлығы 316 оқушы әлеуметтік осал топ санатына жататын оқушылар тізіміне алынды. 2023-2024 оқу жылы мектеп асханасы жанынан тегін ыстық тамақпен барлығы 674 оқушы қамтылды. Әлеуметтік осал топтан шыққан 5-11 сыныптар бойынша 167 оқушы, 1-4 сыныптар бойынша 507 оқушы. I -кезекте 334 оқушы, II -кезекте 340 оқушы қоңырау кестесі бойынша ыстық тамақ ішеді.

Жыл басында ұйымдастырылған «Мектепке жол» акциясы ұйымдастырылып, акцияның мақсаты ата-аналарға, мұғалімдерге, жеке кәсіпкерлерге таныстырылды. Мектептегі әлеуметтік осал топтан шыққан 1-11 сынып бойынша бойынша 330 оқушының толықтай тізімі алынып, құжаттары жинақталды. «Мектепке жол» акциясы бойынша барлығы 52 оқушы көмекпен қамтамасыз етілді.

20 оқушы – «ТШО» мекемесі, сөмке және оқу құралдары

8 оқушы – «ЕмбіМұнайГаз» мекемесі, сөмке және оқу құралдары

2 оқушы – «Аманат» партиясы сөмке және оқу құралдары

2 оқушы – «Аманат» партиясы сөмке және оқу құралдары

2 оқушы – Әбді Айназым, Төкен Ибрахим 50000 тг сертификат

10 оқушы – ЖК «Бигалиева» оқу құралдары

1 оқушы – Қуаныш Айкөркем оқу құралдары

7 оқушы – демеушіден көмектермен қамтамасыз етілді.

Желтоқсан айында әлеуметтік осал топ санатынан шыққан 12 оқушы аудан әкімінің ұйымдастырған жаңа жылдық шыршасына барып, аудан әкімінің қолынан жаңа жылдық тәттілер салынған дорба мен сыйлықтар табысталды. Сонымен қатар Атырау қаласындағы президент жанынан ұйымдастырылған шыршаға мектебіміздегі жартылай жетім 7-сынып оқушы Жексенбайұлы Рамазан қатысып, жаңа жылдық тәттілер мен анасының есепшотына 100 000 (жүз мың) теңге қаржылай көмек аударылды.

2023-2024 оқу жылында білім алушыларға тегін ыстық тамақты ұйымдастыру үшін жеке кәсіпкер «Жаңагүл» тағайындалған. Мектеп асханасы бойынша асхана бөлмелерінің материалдық базасы бар.

Қызмет көрсетудің жаңа озық формаларын дамыту және тамақтану мәдениетін жоғарылату үшін жағдайлар жасалған.

Тамақтанудың санитарлық-гигиеналық қауіпсіздігі қамтамасыз етілген.

Ата-аналар (заңды өкілдер) мен оқушылардың арасында ыстық тамақтанудың қажеттілігі туралы түсіндірме жұмыстары жүргізіліп, интернет сайттарында жарияланды.

2023 жылдың 1 қыркүйегінен бастап тамақтану сапасына мониторинг жүргізу туралы комиссия құрылып, бұйрығы шығарылды. Бұйрыққа сәйкес жоспары жасақталып, жоспар бойынша ыстық тамақтың берілу жайы айына 2 рет тексеріліп хаттамаланып, акт жасақталып отыр. Күнделікті ас мәзірі Kundelik.kz сайтында жарияланып отыр. Сонымен қатар тамақтану сапасына мониторинг жүргізу жұмыстары бойынша мәліметтер мектептің сайтына уақытылы жарияланып отыр.